ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ІШКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» ММ **«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ» МКҚК**		**АКИМАТ УИЛСКОГО РАЙОНА ГУ «УИЛСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ, КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ И СПОРТА»** **ГККП «УИЛСКИЙ РАЙОННЫЙ ДОМ КУЛЬТУРЫ»**
030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, 68		030900, село Уил ул. Кокжар, 68

БҰЙРЫҚ № 73

Ойыл селосы **3 сәуір 2026 жыл**

«Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы»

Ойыл аудандық әкімдігінің 2022 жылғы 10 қаңтардағы № 2 қаулысымен бекітілген «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Жарғысын басшылыққа ала отырып, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (бұдан әрі - Заң) 16 – бабының 4, 5, 6 тармақтарына сәйкес және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 506, 507, 508 және 509 тармақтары негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Келесі тауар, жұмыс, қызметтерді, тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен:

а) Заңның 16 бабы 3-тармағы 32 тармақшасы негізінде 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күніне орай «Наурыз – құт, береке бастауы» атты мәдени көпшілік шараға баннерлер, кермелер, жалаушалар және ұлттық тағамдарды ұйымдастыру үшін мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын қамтамасыз ету Ойыл аудандық мәдениет үйінің заң консультанты М.Әділхановқа жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

4. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

«Ойыл аудандық мәдениет үйі»
МКҚК директоры м.у.а **С.Өмірбек**